

**"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" Отырар ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 523 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 9 ақпандағы № 21 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 18 наурызда № 3079 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 31 мамырдағы № 178 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы әкімдігінің 31.05.2016 № 178 қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2-тармағына, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 43-1 бабының 1-тармағына сәйкес, Отырар ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Отырар ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 523 "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2827 болып тіркелген, 2014 жылғы 23 қазанда "Отырар алқабы" газетінде жарияланған) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2-тармағына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабының 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Отырар ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:"**;

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

